

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 1114 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01.2015 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 648-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 24-қосымшада:

«Республикалық мемлекеттік мекемелер» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33 және 34-жолдармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«21. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Ақмолажолзертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

22. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Ақтөбежолзертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

23. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Атыраужолзертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

24. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Алматыжолзертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

25. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Шығысжолзертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

26. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Жамбылжолзертханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

